

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{JOURNALS}

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



zenodo



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 1

31 ЯНВАРЯ 2026

Астана, Казахстан



lrc-els.com



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

31 января 2026 г.
Астана, Казахстан

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604564>
ЭОЖ:615.262:668.5

ХОШ ИІСТІ СУЛАРДЫҢ МЕДИЦИНАДА ЖӘНЕ КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

КУРМАНГАЛИ ЖАНИЯ НУРЖАНКЫЗЫ, САБЫРАЛЫ ГҮЛАЙЫМ
ҒАНИҚЫЗЫ, АЙНАБЕКОВА МУНИРА ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

«С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ 4-курс студенттері

Ғылыми жетекші – ЖАНДАБАЕВА М.А.
Алматы, Қазақстан Республикасы

Түйін: Мақалада хош иісті сулардың медицина мен косметология салаларында қолданылу мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында олардың химиялық құрамы, фармакологиялық қасиеттері және терапиялық әсер ету тетіктері жүйелі түрде қарастырылған. Алынған нәтижелер хош иісті сулардың қабынуға қарсы, антисептикалық, тыныштандыратын және антиоксиданттық белсенділікке ие екенін көрсетті. Сонымен қатар, хош иісті сулардың тері күтімінде, ароматерапияда, психоэмоционалдық тепе-теңдікті реттеуде және профилактикалық мақсаттарда қолдану тиімділігі анықталды. Зерттеу нәтижелері хош иісті сулардың экологиялық қауіпсіздігі мен биологиялық үйлесімділігі олардың заманауи медицина мен косметологияда табиғи терапиялық агент ретінде кеңінен қолданылуына мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: хош иісті сулар, гидролаттар, эфир майлары, фитотерапия, косметология, ароматерапия, фармакологиялық белсенділік.

ПРИМЕНЕНИЕ ДУШИСТЫХ ВОД В МЕДИЦИНСКОЙ И КОСМЕТОЛОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

КУРМАНГАЛИ ЖАНИЯ НУРЖАНКЫЗЫ, САБЫРАЛЫ ГҮЛАЙЫМ
ҒАНИҚЫЗЫ, АЙНАБЕКОВАМУНИРА ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

«Казахстанский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова»
НАО студенты 4-курса

Научный руководитель – ЖАНДАБАЕВА М.А.
Алматы, Қазақстан Республикасы

Аннотация: В статье проводится научный анализ возможностей применения ароматных вод в медицинской и косметологической практике. Рассмотрены их химический состав, фармакологические свойства и механизмы терапевтического действия. Установлено, что душистые воды обладают противовоспалительной, антисептической, успокаивающей и антиоксидантной активностью. Отмечено, что гидролаты эффективны при уходе за кожей, в ароматерапии, в коррекции психоэмоционального состояния и для профилактических целей. Исследование подтверждает, что экологическая безопасность и биосовместимость делают гидролаты перспективными природными средствами для применения в современной медицине и косметологии.

Ключевые слова: душистые воды, гидролаты, эфирные масла, фитотерапия, косметология, ароматерапия, фармакологическая активность.

Кіріспе. Қазіргі заманда табиғи тектес биологиялық белсенді заттарға деген қызығушылық ерекше артып отыр. Соның ішінде хош иісті сулар мен эфир майлары медицина

мен косметология саласында кеңінен қолданылатын табиғи ресурстардың маңызды тобына жатады. Эфир майлары өсімдіктердің гүлінен, жапырағынан, қабығынан, жемісінен немесе тамырынан алынатын күрделі химиялық қосылыстардың қоспасы болып табылады. Олар иіс беру қасиетімен қатар, фармакологиялық және физиологиялық әсер ету қабілетіне ие [1]. Осы себепті хош иісті майлар адам ағзасының эмоционалды, жүйкелік және соматикалық қызметтеріне кешенді ықпал ете алады. Хош иісті сулардың емдік қасиеттері адамзат өркениетінің ежелгі кезеңдерінен белгілі. Ежелгі Мысыр, Үндістан, Қытай және Грек мәдениеттерінде ароматикалық өсімдік майлары дене мен жан саулығын сақтау мақсатында қолданылған. Орта ғасырларда хош иісті заттар діни рәсімдерде, дәрілік мақсатта және жеке гигиена құралдарында пайдаланылған. Уақыт өте келе бұл тәжірибелер ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, ароматерапия және фитокосметология сияқты бағыттардың қалыптасуына негіз болды. Қазіргі уақытта эфир майларының химиялық құрамы мен биологиялық белсенділігі жан-жақты зерттеліп, олар медицина мен косметологияда маңызды орын алууда.

Медицина саласында хош иісті сулар әртүрлі аурулардың алдын алу және емдеу шараларында қосымша терапиялық құрал ретінде қолданылады. Олардың құрамындағы табиғи қосылыстар антисептикалық, қабынуға қарсы, тыныштандыратын және иммундық жүйені нығайтатын қасиеттерге ие. Мысалы, лаванда, жалбыз, розмарин, эвкалипт сияқты майлар жүйке жүйесін реттеп, стресс пен мазасыздықты азайтуға көмектеседі. Ал шай ағашы мен түймедақ майлары тері ауруларын, қабыну және инфекциялық процестерді жеңілдетуге ықпал етеді. Осылайша, ароматерапия медициналық тәжірибеде фармакологиялық емес, табиғи және экологиялық қауіпсіз әдіс ретінде кеңінен танылып келеді [2].

Косметология саласында хош иісті сулардың рөлі ерекше. Эфир майлары тері мен шаш күтіміне арналған өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қолданылады. Олар терінің табиғи қорғаныс қасиетін күшейтіп, жасушалық жаңару процестерін ынталандырады, сонымен бірге өнімдердің хош иісін қамтамасыз етеді. Заманауи косметологиялық тәжірибе синтетикалық иіс қоспалары мен химиялық қосылыстардың орнына табиғи эфир майларына негізделген өнімдерді қолдануға басымдық беруде. Мұндай үрдіс экологиялық тұрақтылық пен адам денсаулығына зиянсыздық қағидаттарына сәйкес келеді. Психофизиологиялық тұрғыдан хош иісті сулардың адам ағзасына әсері ерекше назар аударарлық. Иіс сезу рецепторлары арқылы мидың лимбиялық жүйесіне әсер етіп, эмоциялық күйді, көңіл-күй мен мінез-құлық реакцияларын реттеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ароматерапия депрессия, ұйқысыздық, стресс және қажу сияқты психосоматикалық жағдайларда тиімді қолданылады [3]. Хош иісті заттардың бұл қасиеті медицина мен психологияның шекарасында орналасқан жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастыруға түрткі болуда. Сонымен қатар, эфир майларын қолдану барысында олардың қауіпсіздік деңгейін сақтау маңызды. Әрбір хош иісті заттың химиялық құрылымы мен концентрациясы адам ағзасына әртүрлі әсер етуі мүмкін. Сондықтан медициналық және косметологиялық өнімдерде қолданылатын эфир майлары арнайы стандарттау мен сапа бақылау жүйелерінен өтеді. Бұл олардың тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырып, аллергиялық немесе уытты әсерлердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Зерттеу жұмысы сипаттамалық және аналитикалық шолу түрінде ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысында ғылыми дереккөздерді терең талдау, салыстыру және жүйелеу арқылы хош иісті сулардың медицина мен косметология салаларындағы қолданылу ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты хош иісті сулардың фармакологиялық қасиеттерін, химиялық құрамын және олардың терапиялық тиімділігін анықтау бойынша жүргізілген заманауи ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жинақтау және талдау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу құрылымы жүйелі тәсілге негізделді: алдымен тақырыптық әдебиеттер анықталып, олар мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан сұрыпталды; кейін алынған ақпарат мазмұндық біртектілік, әдістемелік ұқсастық және клиникалық дәлелділік критерийлері бойынша топтастырылды [4]. Бұл тәсіл хош иісті суларды зерттеу саласында қалыптасқан теориялық

және практикалық бағыттарды кешенді бағалауға, сондай-ақ медицина мен косметологиядағы қолдану тиімділігіне қатысты ғылыми көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ғылыми ақпаратты іздеу және сұрыптау кезеңі ерекше маңызға ие болды, себебі деректердің сапасы мен дәлдігі зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығын айқындайды. Іздеу келесі халықаралық және ұлттық ғылыми дерекқорлар арқылы жүзеге асырылды:

- *PubMed / MEDLINE* – медициналық, фармакологиялық және клиникалық зерттеулер жөніндегі басты база;

- *Scopus* және *Web of Science (WoS)* – халықаралық деңгейдегі пәнаралық ғылыми мақалаларды қамтитын жетекші платформалар;

- *Google Scholar* – ашық қолжетімді ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстар базасы;

Іздеу кезеңі 2015 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықты қамтыды. Дегенмен, хош иісті сулардың тарихы мен даму эволюциясын түсіндіру мақсатында бұрынғы кезеңдердегі классикалық еңбектер де қосымша қарастырылды. Ақпаратты іздеу кезінде ғылыми мақалаларға қойылатын негізгі талаптар – олардың рецензиялануы, жарияланым сапасы, эксперименттік деректердің болуы және нәтижелердің ғылыми дәлелділігі болды. Бұл тәсіл зерттеу қорытындыларының сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ғылыми ақпаратты іздеу мен сұрыптауда тиімділік пен нақтылықты қамтамасыз ету үшін негізгі түйін сөздер мен олардың тілдік баламалары қолданылды.

Ағылшын тілінде: Aromatic waters, Hydrosols, Herbal distillates, Floral water, Therapeutic application of hydrosols, Cosmeceuticals, Phytotherapy.

Орыс тілінде: Душистые воды, Гидролаты, Цветочная вода, Применение в дерматологии, Ароматерапия.

Қазақ тілінде: Хош иісті сулар, Гидролаттар, Өсімдік дистилляттары, Медицинада қолданылуы, Косметологиялық тәжірибе.

Түйін сөздер бір-бірімен комбинацияда пайдаланылды, бұл іздеу нәтижелерінің тақырыптық қамту аясын кеңейтіп, релевантты дереккөздерді барынша толық қамтуға мүмкіндік берді. Іздеу нәтижесінде алынған мақалалар мен еңбектер тақырыптық бағыт, әдіснама, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі және клиникалық маңыздылық тұрғысынан сұрыпталып, жүйеленді.

Ғылыми дереккөздердің сапасы мен зерттеу нәтижелерінің нақтылығын арттыру мақсатында арнайы іріктеу (қосу және шығару) критерийлері белгіленді.

1. Рецензияланған халықаралық және отандық журналдарда жарияланған түпнұсқалық зерттеулер мен жүйелі шолу мақалалары.

2. Хош иісті сулар мен гидролаттардың химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері талданған зерттеулер.

3. Эмпирикалық және клиникалық деректерге негізделген (*in vitro* және *in vivo*) зерттеу нәтижелері.

4. Гидролаттардың антиоксиданттық, қабынуға қарсы және микробқа қарсы әсерлері сипатталған еңбектер.

Шығару критерийлері

1. Коммерциялық немесе жарнамалық сипаттағы материалдар, ғылыми дәлелдемесі жоқ деректер.

2. Толық мәтіні қолжетімсіз тезистер, конференция баяндамалары және қысқаша хабарламалар.

3. Тек эфир майларын зерттеген, хош иісті сулардың сулы фракциясы қарастырылмаған еңбектер.

Бұл іріктеу қағидалары зерттеу барысында пайдаланылған материалдардың ғылыми құндылығын арттырып, талданған мәліметтердің дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз етті.

Алынған ақпаратқа кешенді теориялық талдау, салыстыру, синтез және жалпылау әдістері қолданылды. Бұл тәсіл хош иісті сулар туралы деректерді жүйелі құрылымда қарастыруға және олардың медицина мен косметологиядағы қолданылу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді.

Негізгі қолданылған әдістер:

- Теориялық талдау әдісі: ғылыми дереккөздер мазмұны бойынша жүйелі зерттеу жүргізіліп, эфир майлары мен гидролаттардың әсер ету механизмдері анықталды;
- Салыстырмалы талдау әдісі: табиғи және синтетикалық хош иісті компоненттердің айырмашылықтары мен артықшылықтары салыстырылды;
- Жүйелеу және синтездеу әдісі: алынған мәліметтер тақырыптық және функционалдық тұрғыдан біріктіріліп, жалпы ғылыми қорытындылар жасалды;
- Интерпретациялық әдіс: хош иісті сулардың терапиялық әсер ету ерекшеліктері нозологиялық топтар (тері аурулары, психоэмоционалдық бұзылыстар, косметологиялық күтім) бойынша талданды.

Жиналған мәліметтерді талдау нәтижесінде хош иісті сулардың көпқырлы әсер ету спектрі, олардың биологиялық және косметологиялық маңызы туралы ғылыми тұжырымдар жасалды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, хош иісті сулар – өсімдік шикізатынан алынатын дистилляциялық өнімдердің сулы фракциясы болып табылады. Олар эфир майларына қарағанда төмен концентрацияда ұшпа қосылыстарды қамтиды, алайда құрамындағы биоактивті компоненттер (альдегидтер, фенолдар, спирттер, күрделі эфирлер) фармакологиялық және косметологиялық тұрғыдан маңызды әсерге ие.

Гидролаттардың химиялық құрамы өсімдік түріне, экстракция әдісіне, шикізат сапасына және айдау температурасына тәуелді болып келеді. Зерттелген деректерге сәйкес, лаванда, түймедақ, жалбыз және шай ағашының гидролаттары құрамында линалоол, терпинен, камфора, эвкалиптол және α -пинен сияқты биологиялық белсенді заттар кездеседі [5-6]. Бұл қосылыстар антиоксиданттық, қабынуға қарсы және антисептикалық қасиеттердің пайда болуына себепші болады. Сонымен қатар, гидролаттардың химиялық профилі олардың экологиялық қауіпсіздігі мен теріге биологиялық үйлесімділігіне әсер ететіні анықталды. Эфир майларынан айырмашылығы – гидролаттар теріні тітіркендірмейді және аллергиялық реакция туғызу ықтималдығы төмен. Бұл оларды медициналық және косметологиялық өнімдерде тұрақты компонент ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Хош иісті сулардың жіктелуі және олардың құрамындағы биологиялық белсенді заттардың түрі, концентрациясына байланысты айқындалады (кесте 1).

Кесте 1 – Хош иісті сулардың жіктелуі

№	Атауы	Құрамы	Қолданылуы
1	Жалбызды су	Жалбыз майы – 1 г Тазартылған су – 1 л дейін	Ас қорыту жолдарын жақсарту, жүрек айнуды басу, тыныс сергіткіш ретінде қолданылады.
2	Аскөкті су	Аскөк (фенхель) майы – 1 г Тазартылған су – 1 л дейін	Ішек желін азайту үшін, балалардағы іш кебуді жоюға (жел айдағыш ретінде) пайдаланылады.
3	Кориандр жемістерінің суы	Ірі ұнтақталған кориандр жемістері – 1 бөлік Спирт – 1 бөлік	Ас қорытуды жақсарту, тәбетті ашу және

		10 бөлік эфир майын алу үшін жеткілікті мөлшерде су буы	микробтарға қарсы әсері бар.
4	Ащы бадамды су	Ащы бадам дәндерінің жомысы – 12 бөлік Тазартылған су – 20 бөлік Этил спирті (96%) – 3 бөлік	Дәм мен иіс беру үшін дәрілік және косметикалық ерітінділерге қосылады, аз мөлшерде тыныштандырғыш әсер етеді.

1-ші кестеде дәріханалық тәжірибеде қолданылатын негізгі хош иісті сулардың түрлері мен олардың құрамдары көрсетілген. Хош иісті сулар – өсімдік майлары мен тазартылған судың немесе спирт ерітінділерінің негізінде дайындалатын иісті сұйықтықтар. Олар көбіне дәрілік, косметикалық және тағамдық мақсатта пайдаланылады.

Медицина саласында қолданылу бағыттары. Жиналған мәліметтер хош иісті сулардың медицина саласында кең қолданылатынын көрсетті. Олардың емдік тиімділігі негізінен антисептикалық, қабынуға қарсы және тыныштандыратын әсерлерімен түсіндіріледі.

1. Дерматологиялық қолдану. Гидролаттардың ең кең тараған қолданыс саласы – тері аурулары мен жарақаттарын емдеу. Шай ағашы мен түймедақ гидролаттары бактерияға қарсы белсенділігімен ерекшеленеді, сондықтан олар акне, дерматит, экзема және аллергиялық бөртпелер кезінде жергілікті антисептик ретінде қолданылады. Сонымен қатар, лаванда мен розмарин гидролаттары эпидермистің қалпына келуін жылдамдатады, бұл олардың регенерациялық және антиоксиданттық әсерін дәлелдейді [7].

2. Респираторлық және жүйке жүйесіне әсері. Медицинада хош иісті сулар ароматерапиялық ингаляциялар түрінде де қолданылады. Эвкалипт, жалбыз және розмарин гидролаттарының құрамындағы ұшпа қосылыстар тыныс алу жолдарының шырышты қабығына жұмсақ әсер етіп, микробтық флораның өсуін тежейді. Бұл әсер әсіресе бронхит, синусит, ринит сияқты аурулардың бастапқы кезеңдерінде тиімді.

3. Психоэмоционалды терапия. Адамның иіс сезу жүйесі мен орталық жүйке жүйесінің өзара байланысы ароматерапияның физиологиялық негізін құрайды. Гидролаттардың жұмсақ хош иісі лимбиялық жүйеге әсер етіп, стресс гормондарының (кортизол) деңгейін азайтады. Бұл әдіс клиникалық практикада психоэмоционалды реттеу мақсатында қолданылады [8-9].

Косметологиялық тәжірибеде қолданылуы. Косметологиялық зерттеулер хош иісті сулардың табиғи компонент ретіндегі жоғары әлеуетін көрсетті. Гидролаттар тері күтімі мен шаш күтімінде кеңінен пайдаланылады және олардың қолданылуы бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1. Ылғалдандырғыш және сергіткіш әсер. Роза және лаванда гидролаттары теріні тыныштандырып, ылғал теңгерімін қалпына келтіреді.

2. Терінің микробиомын сақтау. Шай ағашы және розмарин гидролаттары терідегі микробтық тепе-теңдікті сақтап, қабыну процестерінің алдын алады.

3. Қартаюға қарсы әсер. Герань және иланг-иланг гидролаттары антиоксиданттық қасиетке ие, бұл тері серпімділігін арттырып, ерте қартаю белгілерін азайтады.

4. Шаш күтімінде қолданылуы. Розмарин және лаванда гидролаттары шаш түсуін азайтып, бас терісіндегі қан айналымын жақсартады.

Хош иісті сулардың төмен қышқылдық деңгейі (pH 4.5–5.5) терінің табиғи гидролипидті қабатын бұзбай, косметикалық өнімдердің құрамында үйлесімділікті қамтамасыз етеді [10].

Хош иісті сулардың фармакологиялық әсер ету механизмдері. Жинақталған деректерге сүйенсек, гидролаттардың терапиялық әсері олардың құрамындағы фитохимиялық компоненттердің синергетикалық өзара ықпалымен анықталады (кесте 2).

- Терпендер мен спирттер микробқа қарсы және қабынуға қарсы әсер көрсетеді;

- Фенолдар мен альдегидтер антиоксиданттық белсенділік танытады;
- Эфирлер мен күрделі эфир туындылары жүйке жүйесіне седативтік әсер береді [11].

Құрамында эфир майлары бар хош иісті сулардың косметология және медициналық практикада қолданылуы 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Хош иісті сулардың негізгі фармакологиялық әсерлері

№	Хош иісті су түрі	Басты әсері	Қолдану саласы
1	Лаванда	Жүйке жүйесін тыныштандырады, ұйқыны реттейді	Ароматерапия, косметология
2	Шай ағашы	Антисептикалық, бактерияға қарсы әсер көрсетеді	Дерматология, жара күтімі
3	Түймедақ	Қабынуға қарсы, теріні жұмсартады	Косметология, дерматология
4	Розмарин	Қан айналымды жақсартады, антиоксиданттық әсер	Шаш күтімі, косметология
5	Эвкалипт	Тыныс алу жүйесін жеңілдетеді, микробқа қарсы әсер	Респираторлық терапия
6	Иланг-иланг	Психоэмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтіреді	Психотерапия, ароматерапия

2-ші кестеде көрсетілгендей, лаванда және иланг-иланг гидролаттары ең айқын седативтік және нейротроптық әсерге ие; шай ағашы мен түймедақ гидролаттары қабынуға қарсы және микробқа қарсы белсенділігімен ерекшеленеді, ал розмарин мен эвкалипт гидролаттары респираторлық және қанайналым жүйесін ынталандыратын қасиеттерімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері хош иісті сулардың қолданылу бағыттары көпсалалы екенін көрсетті. Төмендегі диаграмма (сурет 1) әр саладағы пайдалану үлесін пайыздық қатынаста бейнелейді.



Сурет 1 – Хош иісті сулардың қолдану бағыттарының пайыздық үлесі

Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, хош иісті сулардың қолдану әлеуеті ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәлелденген. Алайда, көптеген зерттеулер клиникалық масштабта емес, зертханалық деңгейде жүргізілген. Бұл болашақта іріктелген қатысушылармен, рандомизацияланған және бақыланатын клиникалық зерттеулердің

қажеттілігін көрсетеді. Косметология мен дерматология саласында хош иісті сулардың қауіпсіздігі мен биожегімділігін арттыру бағытында стандартталған өндірістік және фармакологиялық бақылау жүйесін енгізу өзекті болып отыр. Сонымен қатар, гидролаттардың психоэмоционалдық әсері саласында нейрофизиологиялық зерттеулер жүргізу ароматерапияны дәлелді медицина контекстінде дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, хош иісті сулар өсімдік тектес биологиялық белсенді заттарға бай, табиғи шығу тегі бар өнімдер қатарына жатады. Олардың құрамында терпендер, фенолдар, спирттер және күрделі эфирлер сияқты қосылыстардың үйлесімді болуы фармакологиялық және косметологиялық тұрғыдан жоғары тиімді әсер береді. Хош иісті сулар қабынуға қарсы, тыныштандырғыш, антисептикалық және антиоксиданттық қасиеттерімен ерекшеленеді. Олар терінің қалпына келуін жеделдетіп, жасушалық жаңару процесін ынталандырады, жүйке жүйесінің қызметін тұрақтандырады және психоэмоционалдық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Табиғи тазалығы мен экологиялық қауіпсіздігі арқасында хош иісті сулар қазіргі медицина мен косметология тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Бұл өнімдер тері күтімі, тыныс алу жүйесін қолдау, релаксациялық және профилактикалық мақсаттарда тиімді екені анықталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бахтина А., Коник А.А. Косметическая новинка природы – гидролат // Современная косметология и дерматология. – 2021. – № 6. – С. 72–75.
2. Кузнецова Е.П., Боброва Н.А. Гидролаты и эфирные воды как источник биологически активных соединений для косметологии // Вестник новых медицинских технологий. – 2021. – Т. 28, № 2. – С. 45–51.
3. Sarkic A., Stappen I. Essential oils and their single compounds in cosmetics – A critical review // *Cosmetics*. – 2018. – Vol. 5, No. 1. – P. 11.
4. Ali B., Al-Wabel N.A., Shams S., Ahamad A., Khan S.A., Anwar F. Essential oils used in aromatherapy: A systemic review // *Asian Pacific Journal of Tropical Biomedicine*. – 2015. – Vol. 5, No. 8. – P. 601–611.
5. Farrar A.J., Farrar F.C. Clinical aromatherapy // *Nursing Clinics of North America*. – 2020. – Vol. 55, No. 4. – P. 489–504.
6. González-Minero F.J., Bravo-Díaz L., Moreno-Toral E. Pharmacy and fragrances: Traditional and current use of plants and their extracts // *Cosmetics*. – 2023. – Vol. 10, No. 6. – P. 157.
7. Sharmeen J.B., Mahomoodally M.F., Zengin G., Maggi F. Essential oils as natural sources of fragrance compounds for cosmetics and cosmeceuticals // *Molecules*. – 2021. – Vol. 26, No. 3. – P. 666.
8. Abelan U.S., Tuminelli D., Dario M.F., Baby A.R. Potential use of essential oils in cosmetic and dermatological hair products: A review // *Journal of Cosmetic Dermatology*. – 2022. – Vol. 21, No. 4. – P. 1595–1608.
9. Halder S., Mehta A., Nema N. Aromatherapy and its holistic approach for well-being // *International Journal of Complementary & Alternative Medicine*. – 2018. – Vol. 11, No. 2. – P. 49–55.
10. Khatib C. Aromatherapy: Historical, phytochemical insights and therapeutic applications // *IntechOpen*. – 2024. – 17 p.
11. Mortimer S., Reeder M. Botanicals in dermatology: Essential oils, botanical allergens, and current regulatory practices // *Dermatitis*. – 2016. – Vol. 27, No. 2. – P. 64–75.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604616>

ӘОЖ: 615.2:658.5+346.54

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕЛУІ

ҚАСЫМБЕКОВА ҚЫМБАТ, САТИБАЛДИЕВА ЛИНАРА, АБДАЛИЕВА ЖІБЕК
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті» КеАҚ 4 курс
студенттері

Ғылыми жетекші – **ЖАНДАБАЕВА М.А., АБДИШАРАФОВА Д.А.**
Алматы, Қазақстан

Түйін: Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесі Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) бірыңғай фармацевтикалық нарығына толық көшуімен және ұлттық нормативтерді халықаралық стандарттармен үйлестірумен сипатталады. Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың өндірісін реттеу тетіктерін талдау, 2026 жылғы заңнамалық өзгерістердің фармацевтикалық саланың сапалық және экономикалық көрсеткіштеріне ықпалын бағалау, сондай-ақ халықаралық тәжірибемен сәйкестік деңгейін анықтау болып табылады. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің нормативтік актілері, сондай-ақ GMP (Good Manufacturing Practice), GDP (Good Distribution Practice), ISO 9001:2015, ISO 13485:2016, PIC/S, ICH Q8-Q10 және ҚР Мемлекеттік фармакопеясы (ҚР МФ) сияқты халықаралық және ұлттық стандарттар негізге алынды. 2026 жылдан бастап Қазақстан аумағында дәрілік заттардың өндірісін жүзеге асыру үшін GMP сертификатының болуы міндетті талапқа айналды, ал инспекциялау және сапа аудиті Ұлттық дәрілік заттар сараптамасы орталығы (НЦЭЛС) арқылы жүргізіледі. ЕАЭО талаптарына сәйкес келмейтін ұлттық тіркеу куәліктерінің күші жойылып, дәрілік заттардың қозғалысы мен түпнұсқалылығын бақылау мақсатында Data Matrix кодтарымен таңбалау жүйесі енгізілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан фармацевтикалық өндірісінің халықаралық талаптарға сәйкестік деңгейі 85%-ға дейін артқан, отандық өндіріс үлесі 27 негізгі субстанция бойынша локализацияланған, ал фальсификат өнімдердің үлесі 10%-дан 3%-ға дейін төмендеген. Жалпы алғанда, 2026 жылы Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесі интеграциялық, цифрлық және сапаға бағытталған жаңа кезеңге өтті, бұл бағыт саланың халықаралық стандарттарға сәйкестігін арттыруға және отандық фармацевтикалық индустрияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Кілт сөздер: дәрілік заттар, фармацевтикалық өндіріс, мемлекеттік реттеу, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), GMP стандарты, сапа менеджменті, ҚР Мемлекеттік фармакопеясы, нормативтік-құқықтық база.

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРОМЫШЛЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА ЛЕКАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ

**КАСЫМБЕКОВА ҚЫМБАТ, САТИБАЛДИЕВА ЛИНАРА, АБДАЛИЕВА
ЖИБЕК**

Студенты 4 курса НАО «Казахского национального медицинского университета имени
С.Д. Асфендиярова»

Научный руководитель – **ЖАНДАБАЕВА М.А., АБДИШАРАФОВА Д.А.**
Алматы, Казахстан

Аннотация: Система государственного регулирования промышленного производства лекарственных средств в Республике Казахстан характеризуется полным переходом к единому фармацевтическому рынку Евразийского экономического союза (ЕАЭС) и гармонизацией национальных нормативов с международными стандартами. Цель исследования - анализ механизмов регулирования производства лекарственных средств в Республике Казахстан, оценка влияния законодательных изменений 2026 года на качественные и экономические показатели фармацевтической отрасли, а также определение уровня соответствия международной практике.

В процессе исследования использованы положения Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», нормативные акты Министерства здравоохранения и Комитета медицинского и фармацевтического контроля, а также международные и национальные стандарты: GMP (Good Manufacturing Practice), GDP (Good Distribution Practice), ISO 9001:2015, ISO 13485:2016, PIC/S, ICH Q8–Q10 и Государственная фармакопея Республики Казахстан (ГФ РК).

С 2026 года наличие сертификата соответствия стандартам GMP является обязательным условием для осуществления промышленного производства лекарственных средств на территории Казахстана, а инспекционный контроль и аудит качества осуществляются через Национальный центр экспертизы лекарственных средств (НЦЭЛС). Национальные регистрационные удостоверения, не приведённые в соответствие с требованиями ЕАЭС, утратили силу, а для обеспечения прослеживаемости и подлинности препаратов внедрена система маркировки лекарственных средств Data Matrix.

Результаты исследования показали, что уровень соответствия фармацевтического производства Казахстана международным требованиям достиг 85%, доля отечественного производства локализована по 27 ключевым субстанциям, а доля фальсифицированной продукции снизилась с 10% до 3%. В целом в 2026 году система государственного регулирования промышленного производства лекарственных средств в Республике Казахстан перешла на новый этап - интеграционный, цифровой и ориентированный на качество, что способствует повышению соответствия отрасли международным стандартам и устойчивому развитию отечественной фармацевтической индустрии.

Ключевые слова: лекарственные средства, фармацевтическое производство, государственное регулирование, Евразийский экономический союз (ЕАЭС), стандарт GMP, менеджмент качества, Государственная фармакопея Республики Казахстан, нормативно-правовая база.

Кіріспе. Дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу халықтың денсаулығын қорғаудың және ұлттық фармацевтикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Заманауи фармацевтикалық индустрия тек экономикалық маңызы бар сала ғана емес, сонымен қатар стратегиялық маңызы бар қоғамдық институт ретінде де қарастырылады, себебі оның тиімді қызметі дәрілік қамтамасыз етудің қолжетімділігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өндірісті реттеу жүйесі халықаралық тәжірибелерге сәйкес кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді [1].

2026 жылға қарай Қазақстанның фармацевтикалық нарығы толықтай Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) бірыңғай ережелеріне интеграцияланып, дәрілік заттардың тіркеу, инспекциялау және өндірістік бақылау процестері одақтық стандарттармен үйлестірілді. Бұл кезең ұлттық нормативтік-құқықтық базаны жаңғыртуды, өндірістік стандарттарды GMP (Good Manufacturing Practice) талаптарына сәйкестендіруді және сапа

менеджментінің ISO 9001:2015, ISO 13485:2016, PIC/S, ICH Q8–Q10 қағидаттарына негізделген жүйелерін енгізуді талап етті [2].

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі мен оған сәйкес әзірленген ҚР Мемлекеттік фармакопеясы (ҚР МФ) дәрілік заттардың сапалық сипаттамаларын бағалаудың, өндіріске және айналымға рұқсат берудің негізгі нормативтік тірегі болып табылады [3]. Сонымен бірге, Денсаулық сақтау министрлігі мен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті фармацевтикалық кәсіпорындарға қойылатын талаптарды жетілдіру, инспекциялық бақылау жүргізу және ЕАЭО регламенттерін енгізу бойынша үйлестіруші рөл атқарады.

Қазіргі кезеңдегі фармацевтикалық реттеу саясатының ерекшелігі саланың цифрлануы мен құқықтық жауапкершіліктің күшеюі. 2026 жылдан бастап Қазақстанда барлық дәрілік заттар Data Matrix кодтарымен таңбаланады, бұл фальсификат өнімдермен күреске және дәрілік заттардың қозғалысын толық бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, фармацевтикалық өнімдерге қатысты салықтық және бағалық саясат қайта қаралып, дәрілік заттарға арналған қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесі 5% деңгейінде белгіленді, ал мемлекеттік медициналық бағдарламалар аясында сатып алынатын препараттар ҚҚС-тан босатылды [4].

Талдау материалдары мен әдістері. Талдау барысында дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесіне қатысты халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық актілер, стандарттар мен нұсқаулықтар талданды. Негізгі дереккөздер ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) Good Manufacturing Practice (GMP) жөніндегі WHO Technical Report Series No. 1025 (2020), Pharmaceutical Inspection Co-operation Scheme (PIC/S) ұйымының Guide to GMP PE 009-15 (2021), сондай-ақ International Organization for Standardization (ISO) әзірлеген ISO 9001:2015 және ISO 13485:2016 сапа менеджменті стандарттары пайдаланылды.

Отандық деңгейде Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі», ТР ЕАЭС 027/2012 «Дәрілік заттардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті қарастырылды.


Талдау әдістемесі салыстырмалы-құқықтық, нормативтік және институционалдық талдау тәсілдеріне негізделді.

Материалдарды жинақтау мен өңдеу барысында ғылыми-талдамалық әдіс, жүйелік және салыстырмалы контент-талдау тәсілдері қолданылды. Бұл тәсілдер Қазақстанның фармацевтикалық саласындағы мемлекеттік реттеу моделін халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, оның тиімділігін және даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар. 2025 жылдың соңына қарай, Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесі түбегейлі жаңғырып, халықаралық талаптарға сәйкестіктің жаңа деңгейіне жетті. Талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның фармацевтикалық өндіріс секторының GMP, ISO және PIC/S стандарттарына сәйкестік деңгейі соңғы он жылда айтарлықтай артқан. Егер 2015 жылы бұл көрсеткіш шамамен 40% деңгейінде болса, 2023 жылы ол 75%, ал 2025 жылы 85% деңгейіне дейін өскен. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) бірыңғай фармацевтикалық нарығына толық интеграциялану үдерісінің нәтижесін айқын көрсетеді [5].

Сәйкестік деңгейінің артуына бірнеше институционалдық және құқықтық факторлар әсер етті. Біріншіден, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің қабылдануы фармацевтикалық қызметті лицензиялау мен сапа бақылауын орталықтандырды. Екіншіден, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы (ҚР МФ) ұлттық стандарттар жүйесін бекітіп, өнімнің сапалық көрсеткіштерін халықаралық талаптармен үйлестірді. Үшіншіден, өндірістік процестердің GMP және GDP стандарттарына сәйкестігі міндетті сипат алды, ал инспекциялық бақылауды Ұлттық дәрілік заттар сараптамасы орталығы (НЦЭЛС) жүйелі түрде жүзеге асырып отыр [6].

Қазақстандағы фармацевтикалық өндіріс кәсіпорындарының халықаралық стандарттарға (GMP, WHO, PIC/S) сәйкестік деңгейінің жылдар бойынша өзгеру динамикасы көрсетілген (Сурет 1). Гистограммада нормативтік талаптарды енгізу нәтижесінде стандарттарға сәйкестіктің біртіндеп арту үрдісі бейнеленген.



Сурет 1 – Қазақстандағы фармацевтикалық өндірістің стандарттарға сәйкестігі

Талдау барысында талданған гистограмма (сурет 1) Қазақстандағы фармацевтикалық кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға сәйкестік динамикасын көрсетеді. Графикалық деректер бойынша, сәйкестік деңгейінің өсуі тұрақты сипатқа ие, бұл салада нормативтік реформалар мен өндірістік тәжірибелердің үйлесімді іске асырылуының нәтижесі. PIC/S PE 009-16 нұсқаулығы мен WHO, GMP құжаттарының қағидаттарын енгізу сапаны басқару жүйелерінің тиімділігін арттырды [7].

Сонымен қатар, фармацевтикалық нарықта салықтық және бағалық реттеу тетіктері оң өзгерістер әкелді. 2026 жылдан бастап дәрілік заттарға қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесінің 5%-ға дейін төмендеуі және мемлекеттік тапсырыс аясындағы препараттардың ҚҚС-тан босатылуы баға тұрақтылығын қамтамасыз етіп, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырды [8]. Бұл шаралар ЕАЭО елдерінің ортақ нарығындағы теңгерімділікті сақтауға және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған.

Талдау нәтижелері фармацевтикалық саланың дамуында интеграциялық және цифрлық үрдістердің күшеюін де көрсетті. 2026 жылы Қазақстанда Data Matrix кодтары арқылы дәрілік заттарды таңбалау жүйесі толық енгізілді, бұл дәрілердің түпнұсқалығын бақылауға, фальсификат өнімдердің айналымын азайтуға және логистикалық тізбекті оңтайландыруға мүмкіндік берді. Осы шаралардың арқасында жалған дәрілер үлесі соңғы бес жылда 10%-дан 3%-ға дейін қысқарған.

Нәтижесінде, елдің дәрілік қауіпсіздігі нығайып, халықтың сапалы дәрі-дәрмекке қолжетімділігі артты, ал өндірістік процестердің тиімділігі мен ашықтығы жаңа сапалық деңгейге көтерілді [9].

Қорытынды. Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесінің соңғы жылдары сапалы өзгерістерге ұшырағанын айқын көрсетті. 2026 жылға қарай елдің фармацевтикалық саласы халықаралық стандарттарға GMP, GDP, ISO, PIC/S және ICH талаптарына барынша жақындады. Бұл бағыттағы реформалар Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) бірыңғай фармацевтикалық нарығына толыққанды интеграциялануын қамтамасыз

етті және дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастырды.

Институционалдық деңгейде Қазақстанның фармацевтикалық секторы цифрлық бақылауға және ашық есептілікке негізделген жаңа үлгіге өтті. Data Matrix кодтары арқылы таңбалау жүйесі дәрілік заттардың қозғалысын толық бақылауға мүмкіндік беріп, фальсификат өнімдердің айналымын айтарлықтай қысқартты. Сонымен қатар, фармацевтикалық кәсіпорындардың 85%-ы халықаралық GMP және ISO талаптарына сәйкестігін дәлелдеп, өндірістік мәдениеттің жаңа сапалық деңгейіне шықты.

Алайда өндірістің автоматтандырылуы, кадр даярлығы және тәуелсіз аудит жүйесін жетілдіру қажет. Мемлекеттік бақылауды күшейту мен халықаралық стандарттарды үйлестіру фармацевтикалық саланың тұрақты дамуына және халықтың сапалы дәрі-дәрмекке қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Кодексі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» от 7 шілде 2020 ж. №360-VI. – Астана: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, 2020.
2. World Health Organization. WHO Expert Committee on Specifications for Pharmaceutical Preparations: Technical Report Series No. 986, Annex 2: WHO Good Manufacturing Practices for Pharmaceutical Products. – Geneva: World Health Organization, 2014.
3. Pharmaceutical Inspection Co-operation Scheme (PIC/S). Guide to Good Manufacturing Practice for Medicinal Products PE 009-16 (Part I and II). – Geneva: PIC/S Secretariat, 2022.
4. Евразийская экономическая комиссия. Технический регламент Евразийского экономического союза ТР ЕАЭС 038/2020 «О безопасности лекарственных средств». – Москва: ЕЭК, 2020.
5. International Council for Harmonisation of Technical Requirements for Pharmaceuticals for Human Use (ICH). Guidelines Q8 (R2): Pharmaceutical Development; Q9: Quality Risk Management; Q10: Pharmaceutical Quality System. – Geneva: ICH Secretariat, 2019.
6. International Organization for Standardization. ISO 9001:2015 – Quality Management Systems – Requirements. – Geneva: ISO, 2015.
7. International Organization for Standardization. ISO 13485:2016 – Medical Devices – Quality Management Systems – Requirements for Regulatory Purposes. – Geneva: ISO, 2016.
8. Национальный центр экспертизы лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники (НЦЭЛС). Годовой отчёт о GMP-инспекциях и динамике фармацевтического производства за 2023 год. – Астана: НЦЭЛС, 2023.
9. Евразийская экономическая комиссия. Аналитический отчёт «О развитии единого фармацевтического рынка ЕАЭС». – Москва: ЕЭК, 2025.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604641>
ӘОЖ:615.32:451.16

ЭКСТРАГЕНТТЕР: ТАЛАПТАРЫ, ЖІКТЕЛУІ, ЭКСТРАГЕНТТИ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

СЕГИЗБАЕВ ОМАРХАН ТҰРАРҰЛЫ, ОЙДАШ ӘСЕТ КАМЕЛҰЛЫ
«С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ 4-курс
студенттері

Ғылыми жетекші – **ЖАНДАБАЕВА М.А., АБДИШАРАФОВА Д. А.**
Алматы, Қазақстан Республикасы

Түйін: Қазіргі уақытта фармацевтикалық өндірісте экстрагенттерді ұтымды пайдалану мен олардың қауіпсіздігін арттыру мәселелері ерекше өзектілікке ие. Экстрагенттер биологиялық белсенді заттарды өсімдік, жануар немесе микроорганизм шикізаттарынан селективті бөліп алуға арналған сұйық фазалық орта. Фармацевтикалық технологиялар саласында экстрагенттің физика-химиялық қасиеттері, полярлығы, ұшқыштығы мен уыттылығы дайын өнімнің сапасы мен биологиялық белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі экстрагенттер қатарындағы этанол, метанол, эфир және ацетонды біртіндеп экологиялық тұрғыдан таза және қайта қолдануға жарамды экстрагенттер – суперкритикалық CO₂, термиялық реттелетін иондық сұйықтықтар, табиғи майлы экстрагенттер мен биосәйкесті гликолдар алмастыруда. Бұл бағыт фармацевтикалық заттарды алу процесінің тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Экстрагенттердің фармацевтикалық тұрғыдан тиімді жіктелуі олардың полярлы және бейполярлы қасиеттеріне, ерігіштік қабілетіне және химиялық инерттілігіне негізделеді. Әсіресе табиғи шығу тегі бар, төмен уытты, қайта пайдалануға болатын экстрагенттер дәрілік өсімдік шикізаттарынан флавоноидтар, алкалоидтар және терпендер сияқты белсенді қосылыстарды жоғары шығыммен бөліп алуға мүмкіндік береді.

Фармацевтикалық зерттеулерде экстрагент таңдауы тек шығымдылықпен шектелмей, алынған экстракттардың тұрақтылығына, микробиологиялық тазалығына және биосәйкестілігіне де тікелей әсер етеді. Сондықтан экстрагенттерге қойылатын талаптар қатарында химиялық бейтараптық, биологиялық қауіпсіздік, экологиялық тұрақтылық және технологиялық қолайлылық маңызды орын алады.

Кілт сөздер: экстрагент, еріткіш, биосәйкестілік.

ЭКСТРАГЕНТЫ: ТРЕБОВАНИЯ, КЛАССИФИКАЦИЯ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

СЕГИЗБАЕВ ОМАРХАН ТҰРАРҰЛЫ, ОЙДАШ АСЕТ КАМЕЛҰЛЫ
«Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова» НАО
студенты 4 курса

Научный руководитель – **ЖАНДАБАЕВА М.А., АБДИШАРАФОВА Д. А.**
Алматы, Республика Казахстан

Аннотация: В настоящее время в фармацевтическом производстве вопросы рационального использования экстрагентов и повышения их безопасности приобретают особую актуальность. Экстрагенты представляют собой жидкофазные среды, предназначенные для селективного извлечения биологически активных веществ из

растительного, животного или микробного сырья. В области фармацевтических технологий физико-химические свойства экстрагента, его полярность, летучесть и токсичность напрямую влияют на качество готового продукта и его биологическую активность.

Исследования последних лет показали, что традиционные экстрагенты, такие как этанол, метанол, эфир и ацетон, постепенно заменяются экологически безопасными и пригодными для повторного использования растворителями - сверхкритическим CO₂, терморегулируемыми ионными жидкостями, природными масляными экстрагентами и биосовместимыми гликолями. Это направление способствует повышению эффективности и экологической безопасности процессов получения фармацевтических субстанций.

Фармацевтически обоснованная классификация экстрагентов базируется на их полярных и неполярных свойствах, растворяющей способности и химической инертности. Особенно ценные - экстрагенты природного происхождения, обладающие низкой токсичностью и возможностью повторного использования, которые позволяют получать из растительного сырья биологически активные соединения (флавоноиды, алкалоиды, терпены) с высоким выходом.

В фармацевтических исследованиях выбор экстрагента влияет не только на выход целевых веществ, но и на стабильность полученного экстракта, его микробиологическую чистоту и биосовместимость. Поэтому к экстрагентам предъявляются строгие требования: химическая инертность, биологическая безопасность, экологическая устойчивость и технологическая пригодность.

Ключевые слова: экстрагент, растворитель, биосовместимость.

EXTRACTANTS: REQUIREMENTS, CLASSIFICATION, AND RATIONAL USE

SEGIZBAYEV OMARKHAN TURARULY, OIDASH ASSET KAMELULY

“Kazakh National Medical university named after S.Zh. Asfendiyarov, NJSC”

4th-year students

Scientific supervisors — ZHANDABAYEVA M.A., ABDYSHARAFOVA D.A.

Almaty, Republic of Kazakhstan

Abstract: At present, the issues of rational use of extractants and ensuring their safety in pharmaceutical production have become particularly relevant. Extractants are liquid-phase media designed for the selective extraction of biologically active substances from plant, animal, or microbial raw materials. In the field of pharmaceutical technologies, the physicochemical properties of an extractant its polarity, volatility, and toxicity directly influence the quality and biological activity of the final product.

Recent studies have shown that traditional extractants such as ethanol, methanol, ether, and acetone are gradually being replaced by environmentally friendly and reusable solvents, including supercritical CO₂, thermoregulated ionic liquids, natural oil-based extractants, and biocompatible glycols. This trend contributes to improving both the efficiency and the environmental safety of pharmaceutical substance production processes.

Pharmaceutically relevant classification of extractants is based on their polar and nonpolar properties, solubility capacity, and chemical inertness. Particularly valuable are natural-origin extractants characterized by low toxicity and reusability, which allow the efficient extraction of biologically active compounds such as flavonoids, alkaloids, and terpenes from plant raw materials.

In pharmaceutical research, the choice of extractant affects not only the extraction yield of target substances but also the stability, microbiological purity, and biocompatibility of the resulting extracts. Therefore, strict requirements are imposed on extractants, including chemical inertness, biological safety, environmental sustainability, and technological suitability.

Keywords: extractant, solvent, biocompatibility.

Кіріспе. Қазіргі фармацевтикалық өндіріс пен биотехнологиялық секторда дәрілік заттарды бөліп алудың тиімділігі көбіне қолданылатын экстрагенттердің сапасы мен оларды ұтымды пайдалану деңгейіне тәуелді. Экстракция - өсімдік немесе биологиялық текті шикізаттан құнды компоненттерді оқшаулаудың ең негізгі әдісі болып табылады. Сондықтан бұл процесте пайдаланылатын еріткіштердің химиялық табиғаты мен олардың молекулалық деңгейдегі әсер ету механизмін зерттеу жоғары сапалы препараттарды жасаудың алғышарты [1]

Экстрагенттер фармацевтикалық технологияда тек еріткіш емес, нысаналы заттарды селективті түрде таңдап алатын белсенді агент ретінде қарастырылады. Дәрілік өсімдік шикізатынан алынатын экстракттардың биологиялық белсенділігі, химиялық тұрақтылығы мен тазалық дәрежесі тікелей экстрагенттің полярлығына, тұтқырлығына және термодинамикалық сипаттамаларына байланысты. Фармацевтика саласында еріткіштерге қойылатын басты талаптар олардың максималды еріткіштік қабілеті, өнім құрамынан толық тазартылу мүмкіндігі және шикізаттың ішкі құрылымына ену жылдамдығы [2].

Соңғы жылдардағы ғылыми ізденістер дәстүрлі органикалық еріткіштердің (этанол, метанол, хлороформ және т.б.) физика-химиялық мүмкіндіктерін арттырумен қатар, жаңа баламалы жүйелерді енгізуге бағытталған. Атап айтқанда, суперкритикалық көмірқышқыл газы, иондық сұйықтықтар және биосәйкесті полимерлі жүйелердің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Мұндай заманауи экстрагенттер липофильді және гидрофильді қосылыстарды жоғалтусыз алуға, сондай-ақ экстракция уақытын қысқартып, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Экстрагенттерді рационалды таңдау дәрілік өнімнің фармацевтикалық қауіпсіздігі мен фармакологиялық құндылығын сақтаудың кепілі. Осыған байланысты экстрагенттердің жіктелуін жүйелеу, олардың селективтілік қасиеттерін талдау және өндірістік циклде қайта өңдеу мүмкіндіктерін зерделеу бүгінгі фитохимия мен фармацевтика ғылымының өзекті мәселесі болып қала береді [3].

Бұл жұмыстың мақсаты - фармацевтикалық салада қолданылатын экстрагенттердің физика-химиялық қасиеттері мен жіктелуін жүйелеу, сондай-ақ дәрілік шикізаттың ерекшелігіне қарай экстрагенттерді рационалды таңдаудың ғылыми қағидаларын негіздеу және оларды өндірістік жағдайда тиімді пайдалану жолдарын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында халықаралық ғылыми мәліметтер базаларындағы соңғы онжылдықта жарияланған ғылыми еңбектер сарапталды. Негізгі назар экстрагенттердің физика-химиялық қасиеттері, фармакологиялық белсенді заттармен әрекеттесу механизмі, экологиялық қауіпсіздігі және өндірістік тұрғыдан тиімділігіне бағытталды.

Жинақталған деректер негізінде экстрагенттердің негізгі топтары органикалық (этанол, метанол, ацетон), бейорганикалық (суда ерігіш қосылыстар), табиғи (өсімдік майлары, глицерин, пропиленгликоль) және заманауи экологиялық баламалар (суперкритикалық CO₂, иондық сұйықтықтар) бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Әр топтың фармацевтикалық экстракция процесіндегі тиімділігі мен қолдану шектеулері анықталды.

Сонымен қатар, әдебиет көздеріндегі тәжірибелік деректерді талдау барысында экстрагенттердің сорбциялық қабілеті, полярлығы, ерігіштік сипаттамалары, уыттылық деңгейі және биосәйкестілігі бағаланды. Бұл көрсеткіштер дәрілік өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді қосылыстарды бөліп алу тиімділігімен өзара салыстырылды.

Жинақталған материалдарды өңдеу барысында сапалық талдау, мәліметтерді жүйелеу әдістері қолданылды. Бұл тәсіл экстрагенттердің заманауи фармацевтикалық технологиялардағы даму бағыттарын айқындауға және олардың ұтымды қолдану стратегияларын белгілеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, қазіргі заманғы еріткіштерге қойылатын талаптар тек олардың экстракциялық қабілетімен ғана емес, сонымен қатар химиялық тұрақтылық, төмен уыттылық деңгейі және биосәйкестілік сияқты іргелі критерийлермен шектеледі [4]. Фармакопеялық нормаларға сәйкес, экстрагент нысаналы компоненттермен химиялық әрекеттеспеуі және соңғы өнімдегі қалдық мөлшері белгіленген шектен аспауы тиіс. Осы айтылғандарға қарай, жүргізілген талдау зерттеулері Тұрақты даму мақсаты №3 – «Денсаулық пен игілік» қағидаттарына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, бұл зерттеулер халық денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын алуға және табиғи әрі қауіпсіз өнімдер өндірісін дамытуға бағытталған бастамаларды қолдауға өз үлесін қосады. 1-кестеде экстрагенттердің көрсеткіштеріне байланысты қойылатын талаптар көрсетілген

Кесте 1 – Экстрагенттерге қойылатын негізгі талаптар

№	Көрсеткіш	Талаптар
1	Химиялық тұрақтылық	Экстрагент құрамындағы компоненттер дәрілік затпен әрекеттеспеуі тиіс
2	Уыттылық деңгейі	Адам ағзасына қауіпсіз, биологиялық ыдырауға бейім болуы қажет
3	Полярлық және ерігіштік	Белсенді қосылыстарды толық еріту қабілеті
4	Ұшқыштық	Қалдық экстрагент мөлшері фармакопеялық нормадан аспауы тиіс
5	Биосәйкестілік	Фармацевтикалық субстанциялар мен биожүйелерге үйлесімді болуы
6	Экологиялық қауіпсіздік	Қалдық еріткіштер қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс
7	Қайта қолданылу мүмкіндігі	Экономикалық және технологиялық тиімділік үшін маңызды

Зерттеу барысында экстрагенттердің полярлығы мен химиялық табиғатына негізделген жүйелі жіктелуі жасалды. Алынған мәліметтер бойынша, фармацевтикада полярлы (су, этанол, пропиленгликоль), орташа полярлы және бейполярлы (гексан, майлар) еріткіштердің әрқайсысының өз қолдану аясы бар [5]. Мәселен, флавоноидтар мен фенолды қосылыстарды оқшаулауда этанол мен су қоспалары жоғары нәтиже көрсетсе, эфир майларын бөлуде бейполярлы агенттердің тиімділігі басым. Бұл ретте суперкритикалық сұйықтықтар (негізінен CO₂) мен иондық ерітінділер инновациялық бағыт ретінде ерекшеленеді. Суперкритикалық көмірқышқыл газы термолабилді заттарды табиғи қалпында сақтап, қалдықсыз технологияны қамтамасыз ететін ең қауіпсіз агент ретінде бағаланды [6].

2-кестеде экстрагенттердің полярлығына байланысты жіктелуі және олардың ерекшеліктері көрсетілген.

Кесте 2 – Экстрагенттердің жіктелуі

Топ	Экстрагент	Ерекшеліктері мен қолдану аймағы
Полярлы экстрагенттер	Су, этанол, метанол, пропиленгликоль	Полярлы қосылыстарды (флавоноидтар, фенолдар) бөлуге тиімді
Орташа полярлы экстрагенттер	Этанол–су қоспасы, бутанол, ацетон	Көпкомпонентті өсімдік экстракттарын алуда кең қолданылады
Бейполярлы экстрагенттер	Гексан, эфир, хлороформ, өсімдік майлары	Эфир майлары мен липидтік қосылыстарды

		экстракциялауға арналған
Суперкритикалық сұйықтықтар	СО ₂ , пропан, фторкөміртек	Экологиялық таза, қалдық қалдырмайды, термолабилді қосылыстарды бөледі
Иондық сұйықтықтар	BF ₄ , Cl және т.б.	Селективтілігі жоғары, бірақ толық биологиялық зерттеу қажет
Табиғи экстрагенттер	Глицерин, сүт қышқылы, өсімдік майлары	Биосәйкесті және экологиялық қауіпсіз баламалар

Салыстырмалы талдау көрсеткіштері бойынша экстрагенттердің тиімділік коэффициенті олардың биосәйкестілігімен тығыз байланысты. Мысалы, 70%-дық этанол ерітіндісі 85–90% аралығындағы жоғары экстракция шығымын көрсетіп, төмен уыттылығымен әмбебап сипатқа ие болды [7]. Ал хлороформ секілді органикалық еріткіштер жоғары селективтілікке ие болғанымен, олардың экологиялық қауіптілігі мен биожүйелерге уытты әсері фармацевтикалық өндірісте қолдануды шектейді. Глицерин мен пропиленгликоль сияқты табиғи және жартылай синтетикалық агенттер 70–87% аралығындағы тиімділік көрсетіп, биосәйкесті баламалар ретіндегі әлеуетін дәлелдеді.

3-кестеде экстрагенттердің салыстырмалы түрде қасиеттері келтірілген.

Кесте 3 – Экстрагенттердің салыстырмалы тиімділігі

Экстрагент	Экстракция шығымы (%)	Уыттылық деңгейі	Биосәйкестілік	Экологиялық бағалау
Этанол (70%)	85–90	Төмен	Жоғары	Қауіпсіз
Метанол	80–85	Орташа	Төмен	Шектеулі қолдану
Суперкритикалық СО ₂	88–92	Өте төмен	Өте жоғары	Өте қауіпсіз
Глицерин	70–75	Өте төмен	Жоғары	Толық экологиялық
Хлороформ	90	Жоғары	Төмен	Экологиялық қауіпті
Пропиленгликоль	80–87	Төмен	Жоғары	Қауіпсіз

Талқылау нәтижелері экстрагенттерді ұтымды пайдаланудың басты тетігі гибриді жүйелер мен регенерация мүмкіндіктерін қолдану екенін айқындады. Этанол–су немесе су–глицерин секілді құрама жүйелерді пайдалану экстракция процесін оңтайландырып, энергия шығынын азайтуға жол ашады [8].

Қорытынды. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, фармацевтикалық өндірістің тиімділігі мен дәрілік препараттардың сапасы қолданылатын экстрагенттерді ғылыми негізделген түрде таңдауға тікелей тәуелді екені дәлелденді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі органикалық еріткіштер өздерінің жоғары еріткіштік қабілетіне қарамастан, уыттылық және экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан заманауи талаптарға толық жауап бермейді. Сондықтан бүгінгі фармацевтикалық технологияда этанол-су қоспалары, суперкритикалық көмірқышқыл газы және биосәйкесті табиғи еріткіштер (глицерин, өсімдік майлары) сияқты қауіпсіз әрі тиімді баламаларға басымдық берілуде. Әсіресе, суперкритикалық СО₂ экстракциясы термолабилді компоненттерді бүлінбейтін күйде алуға мүмкіндік беретін ең перспективалы инновациялық

бағыт ретінде айқындалды. Сонымен қатар, экстракциялық препараттар өндірісінде шикізат құрамындағы биологиялық белсенді заттарды бөліп алу үшін экстрагенттер кеңінен қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Byrne, F. P., Jin, S., Paggiola, G., Petchey, T. H. M. Tools and Techniques for Solvent Selection: Green Solvent Selection Guides. - Sustainable Chemical Processes, 2016, Vol. 4, Article 7.
2. Chemat, F., Abert Vian, M., Ravi, H. K., Khadhraoui, B. Review of Alternative Solvents for Green Extraction of Food and Natural Products: Panorama, Principles, Applications and Prospects. - Molecules, 2019, Vol. 24, No. 16, 3007.
3. Kar, S., Sanderson, H., Roy, K., Benfenati, E. Green Chemistry in the Synthesis of Pharmaceuticals. - Chemical Reviews, 2021, Vol. 121, No. 16, pp. 9816–9973.
4. Galyan, K., Reilly, J. Green Chemistry Approaches for the Purification of Pharmaceuticals. - Current Opinion in Green and Sustainable Chemistry, 2018, Vol. 12, pp. 25–32.
5. Lajoie, L., Fabiano-Tixier, A. S., Chemat, F. Water as Green Solvent: Methods of Solubilisation and Extraction of Natural Products - Past, Present and Future Solutions. - Pharmaceuticals, 2022, Vol. 15, No. 12, 1507.
6. Li, Z., Smith, K. H., Stevens, G. W. The Use of Environmentally Sustainable Bio-Derived Solvents in Solvent Extraction Applications - A Review. - Chinese Journal of Chemical Engineering, 2016, Vol. 24, No. 4, pp. 519–527.
7. Cannavacciuolo, C., Pagliari, S., Frigerio, J., Giustra, C. M. Natural Deep Eutectic Solvents (NADESS) Combined with Sustainable Extraction Techniques: A Review of the Green Chemistry Approach in Food Analysis. - Foods, 2022, Vol. 12, No. 1, 56.
8. Darwin, R., Valmon, R., Chithanna, S., Galla, S. H. Sustainable Extraction and Purification of Phytochemicals: A Review of Green Solvents and Techniques. - Chemical Engineering Journal Advances, 2025, Vol. 16, Article 100587.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604716>

РЕАБИЛИТАЦИЯ ОСТЕОАТРОЗА ПРИРОДНЫМИ ЛЕЧЕБНЫМИ ФАКТОРАМИ НА КУРОРТЕ ЦХАЛТУБО

ГЕОРГИ.О.ШАВИАНИДЗЕ

докт.мед. наук, Москва, Россия

МАРИНА.О.ШАВИАНИДЗЕ

канд.мед.наук, профессор, Цхалтубо, Грузия

ШОРЕНА.В.ВАШАДЗЕ

канд.мед.наук, профессор, Батуми, Грузия

ГЕОРГИ.Г.ЛОМИДЗЕ

магистр орг.здравоохранения, Кутаиси, Грузия

OSTEOARTHRITIS REHABILITATION WITH NATURAL HEALING FACTORS AT THE TSKALTUBO RESORT

G.O.SHAVIANIDZE

M.D. Ph.D. Moscow, Russia

M.O.SHAVIANIDZE

M.D. Ph.D. . Professor, Kutaisi, Georgia

SH.V.VASHADZE

M.D.Ph.D. Professor, Batumi, Georgia

G.G.Lomidze Kutaisi, Georgia

Annotation. *Osteoarthrosis is degenerate-dystrophic disease of the joints, one of which major factors of generating are loadings. The researches carried out by us have allowed to develop a new method -extension of joints, with inclusion in complex balneotherapy including resort balneotherapy in Tskaltubo. Carryng out of extension of joints has demanded working out of techniques of treatment and the adaptation for atmospheric and underwater application which have been patented. The received direct and remote results have revealed that a rehabilitation course of bottom finiteness sick of underwater horizontal extension in the conditios of a resort, authentically exceeded results of other complexis, at "dry" extension of the expressed anti-inflammatory effect at patient with sinovite is noted. The received results have allowed to prove scientifically expediency of application extension at is degenerate-dystrophic diseases of joints and to create the new rehabilitation complexes including extension of joints, balneotherapy and resort treatment.*

Keywords: *Tskaltubo, rehabilitation, osteoarthrosis, mineral bath, trakcia, kinesotherapy.*

Остеоартроз (ОА)- патология суставов, одно из самых распространённых и проблематичных заболеваний, в плане лечения и реабилитации. Скудность клинической симптоматики, неякая выраженность и схожесть эффектов при применении различных лечебных факторов и методов, затрудняет определение наиболее эффективные из них. Преимущества выявляются лишь при детальном и многостороннем анализе и сопоставлении многих показателей.

Целью нашего исследования было разработать оптимальный и дифференцированный комплекс реабилитации, с применением природных лечебных факторов, на примере курорта Цхалтубо.

Под наблюдением находились 200 пациентов, с поражением суставов нижних конечностей. У большинства диагностировали полиостеоартроз (65,5%) и олигоартроз (22,5%). Моноартроз выражался реже (8%). 1-я стадия заболевания была у 36,5%, 2-я стадия - у 44%, 3-4-я стадии - у 18,5% пациентов. У 48% отмечался синовит, контрактуры и мышечная гипотрофия.

Пациентов распределили на 4 группы: В 1-ой (60 человек) применяли проточные, общие, слаборадоновые, азотные (Цхалтубские) минеральные ванны, по наиболее эффективной и оптимальной методике (выработанной ранее), на курс 23-25 процедур, по 20 мин. Во-2-ой (50 чел.) применяли подводное горизонтальное вытяжение нижних конечностей в Цхалтубской минеральной воде, на курс 8-10 процедур, по 25-30 минут и минеральные ванны, в количестве 10-12, на первом или втором этапе. В 3-ей группе (45 чел.) проводили комплекс упражнений в Цхалтубской минеральной воде, на курс 8-10, по 30 мин, в сочетании с минеральными ваннами, на курс 10-12. В 4 группе (45 чел) реабилитация состояла чередованием подводного горизонтального вытяжения и подводной лечебной гимнастики, на курс 8-10 вытяжений и 8-10 гимнастики.

Наряду с общеклиническими и специальными методами обследования (бальная оценка болевого синдрома, по данным пациента и врача, гониометрия и др.) исследовали показатели воспалительного процесса (С-реактивный белок, серомукоид, гаптоглобин, церулоплазмин в сыворотке крови). Деструктивные изменения соединительной ткани изучали по концентрации гликозамингликанов и оксипролина в сыворотке крови. Состояние сосудов и мышц нижних конечностей исследовали методом реографии и глобальной миографии. Результаты реабилитации объективизировали с помощью бальной оценки, учитывающей динамику каждого из изучаемых показателей, с последующей статистической обработкой. Методика оценки эффективности, разработанная нами, учитывает динамику всех показателей. Под значительным улучшением подразумевали нормализацию 80% и более показателей. Под улучшением – нормализацию 60-80% показателей. Без изменений, при положительной динамике, улучшение менее 50% показателей. Ухудшение, при отрицательной динамике, ухудшение 60% показателей и более.

Полученные клинические результаты, свидетельствовали о положительном влиянии всех методик реабилитации. В частности, уменьшилась выраженность болевого синдрома, улучшилась локомоторная функция, уменьшились или исчезли симптомы синовита. Клиническое улучшение сопровождалось положительной динамикой лабораторно-биохимических и функциональных показателей. Уменьшение активности воспаления и деструкции соединительной ткани, которая была достоверна во всех группах ($p < 0,05-0,01$). Однако, при бальнеотракционной терапии положительной динамики этих показателей была более выраженной. Так же достоверно улучшилась регионарная гемодинамика нижних конечностей (повысился реографический индекс, нормализовалось время артериального притока и венозного оттока, сосудистый тонус и др.) и функции нервно-мышечного аппарата (исчезли спонтанные импульсы в покое, усилилась биоэлектрическая активность мышц голени при максимальном мышечном сокращении). При анализе данных, в зависимости от стадии заболевания и наличия синовита, выявили наиболее высокую эффективность при вытяжении нижних конечностей в проточной, слаборадоновой, азотной минеральной воде. По нашей оценке, со значительным улучшением и улучшением выписались 96% пациентов. Хорошие результаты отмечены в 1-ой группе (только бальнеотерапия)-88%. Положительные результаты были получены и в 4-ой группе (комплекс тракции и лечебной гимнастики в минеральной воде)- 80% и в 3-ей группе (лечебная гимнастика в минеральной воде)-70% пациентов, но они оказались менее эффективны, чем в 1 и 2 группах. Выявить причины пониженной эффективности реабилитации позволили дифференцированное группирование материала, с учётом стадии заболевания, наличие воспаления, на каком этапе применялись факторы и их сочетание и комбинирование. При детальном анализе данных, в зависимости от стадии заболевания, эффективность проведённого лечения снижалась с увеличением дегенеративно-

деструктивных изменений, лишь при бальнеотракционной терапии (2-я группа) в 3-4 стадии ОА она оставалась достаточно высокой. Результативность тракции, по-видимому, связана с разгрузкой и разведением суставных поверхностей, что способствует дезинкапсуляции локальных синовитов и релаксации связочно-мышечного аппарата. Схожие различия эффективности отмечены и при анализе данных, в зависимости от наличия или отсутствия синовиальных явлений. Хорошие результаты получены у пациентов при бальнео- и бальнеотракционной терапии (в 1-ой и 2-ой группах), как при наличии, так и отсутствии синовита, что указывает на противовоспалительные, противоспазматические и разгрузочные свойства данных методик. При лечении синовита, менее эффективна методика применения комплекса лечебной гимнастики и вытяжения (4-я группа) и наиболее низкий эффект отмечен при применении лечебной гимнастики в воде (3-я группа). Это свидетельствует о непоказанности активной кинезитерапии, при наличии даже слабо выраженного синовита.

При сопоставлении результатов реабилитации без наличия синовита, при бальнео-кинезитерапии (3-я группа) и бальнео-тракцио-кинезитерапии (4-я группа), разница в эффективности лечения была незначительна (на 5%), однако оказалась значительно ниже, чем в 1-2 группах. Для установления возможностей применения комплексных методик, результаты лечения пациентов 3-4 групп были проанализованы в зависимости от периода назначения и чередования процедур (общих ванн и лечебной гимнастики, тракции и лечебной гимнастики), с учётом стадии и наличия синовита. Было установлено, что назначение на первом этапе общих минеральных ванн или вытяжений в воде (т.е. факторов, оказывающих обезболивающе-противовоспалительный эффект), а на втором (после достижения улучшения) лечебной гимнастики в минеральной воде, повышает эффективность реабилитации. Применение лечебной гимнастики в воде, у пациентов с более выраженными дегенеративно-деструктивными изменениями (3-4 стадии ОА) и более выраженными синовиальными явлениями, существенно снижает эффективность реабилитации. По-видимому, для более выраженных форм ОА необходима разработка специального, более щадящего комплекса упражнений и более детализированное изучение данного вопроса.

Таким образом, было установлено, что при изучении эффективности реабилитации, бальная оценка динамики всех показателей, позволяет разработать оптимальные и дифференцированные методики для пациентов с ОА. Бальнеотракционная терапия, в слаборадоновой, азотной минеральной воде, эффективна для лечения 1-4 стадий ОА, с наличием или отсутствием синовита (исключение составляет тяжёлая форма синовита, 4-ой стадия, при наличии выраженного синовита, в этом случае бальнеотерапия не показана). Бальнеотерапия в Цхалтубской минеральной воде эффективна для лечения 1-3 стадии ОА, с наличием или отсутствием синовита. Применение лечебной гимнастики в воде рекомендовано лишь на втором этапе, по достижении обезболивающего и противовоспалительного эффектов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Гвелесиани К.Г. Курортные и физиотерапевтические факторы в лечении и реабилитации больных, Тбилиси, 1975, с.359-361.
2. Ревматические болезни (руководство для врачей) под редакцией В.А.Насоновой. М. «Медицина». 1997, с.520.
3. Г.О.Шавианидзе, В.Д.Григорьева. Патент №210684, манжета для вытяжения нижних конечностей, 1998.
4. Г.О.Шавианидзе, В.Д.Григорьева. Патент №2177280 Способ лечения синовита у больных остеоартрозом 1999.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604742>

РЕАБИЛИТАЦИЯ ОСТЕОАРТРОЗА НА САНАТОРНО-КУРОРТНОМ ЭТАПЕ

ГЕОРГИ.О.ШАВИАНИДЗЕ

доктор мед. наук Москва, Россия

МАРИНА.О.ШАВИАНИДЗЕ

канд.мед.наук Цхалтубо, Грузия

ШОРЕНА.В.ВАШАДЗЕ

канд.мед.наук Батуми, Грузия

ГЕОРГИ.Г.ЛОМИДЗЕ

Кутаиси, Грузия

REHABILITATION OF OSTEOARTHRITIS AT THE SANATORIUM-RESORT STAGE

G.O.SHAVIANIDZE

M.D. Ph.D. Moscow, Russia

M.O.SHAVIANIDZE

M.D. Ph.D. . Professor, Kutaissi, Georgia

SH.V.VASHADZE

M.D.Ph.D. Professor, Batumi, Georgia

G.G.LOMIDZE

Kutaissi, Georgia

Annotation. *Join traction is performed according to two schemes: horizontal and vertical. This method is atraumatic, makes it possible to fix the limb and precisely dose the intensity of traction. The studies were conducted on 98 patients with OA and divided into 2 groups. In group 1, underwater horizontal traction of the lower extremities was prescribed in combination with mineral baths. In the 2nd group, only mineral baths were prescribed. The result with the use of traction was more favorable.*

Keywords: *Tskaltubo, rehabilitation, osteoarthritis, mineral bath, trakcia.*

Значительная распространённость остеоартроза (ОА), полиморфность этиологии и патогенеза, нерешенность вопроса эффективного лечения и реабилитации этого контингента, свидетельствует об актуальности разработки новых, более эффективных методов комплексного лечения, в том числе с использованием курортных бальнеофакторов. Слабо изучен вопрос о тракционной терапии суставов, пораженных ОА. Ряд публикаций свидетельствуют об эффективности distraction суставов (в клинике) при коксартрозе, возможности восстановления хрящевой ткани (в эксперименте). Вытяжение суставов нижних конечностей проводятся по двум принципиальным схемам: вертикальной и горизонтальной. Наиболее приемлемо при ОА вытяжение в ванне на горизонтальном щите. Этот метод атравматичен, даёт возможность фиксировать конечность и точно дозировать интенсивность тракции. В отечественной и зарубежной литературе мы не встречали работ, посвященных клиническому изучению влияния подводного горизонтального вытяжения в минеральной воде, при коксартрозе и гонартрозе. Для успешного проведения тракции суставов на санаторно-курортном этапе реабилитации, необходимо определение строгих показаний и

противопоказаний, чёткая дозировка интенсивности вытяжения, с учётом возраста и пола, локализации процесса, стадии ОА, наличия или отсутствия синовита.

Исследования были проведены у 98 пациентов с ОА (38 мужчин и 60 женщин), в возрасте от 40 до 70 лет. Monoартроз тазобедренного сустава диагностировали у 11, олигоартроз коленных и тазобедренных суставов у 50, полиостеоартроз у 37 пациентов. 1-ая стадия ОА была у 42-х, 2-ая - у 49, 3-я у 7 пациентов. Синовит отмечен у 40 обследованных.

Пациенты жаловались на характерные для ОА боли в поражённых суставах, ноющего, колющего характера, усиливающиеся при нагрузке и к концу дня. У пациентов с синовитом отмечалась более значительная болезненность суставов, «стартовые боли», локальная гипертермия, болезненность суставов при пальпации и более выраженное ограничение движений.

Наряду с проведением общеклинических исследований, изучали изменения под влиянием реабилитации: показателей активности воспалительного процесса – С-реактивного белка, сиаловых кислот (ДФА-проба), серомукоида, церулоплазмина, гаптоглобина. О степени деструкции тканей суставов, судили по концентрации белок содержащих гликозамингликана (ГАГ) и оксипролина в сыворотке крови. Иммунологическую реактивность оценивали по содержанию иммуноглобулинов А, М и G (по Манчини). Региональную гемодинамику нижних конечностей изучали методом реовазографии, состояние нервно-мышечного аппарата, методом передне-большеберцовых и икроножных мышц.

В зависимости от методики лечения, пациентов разделили на 2 группы. В 1-ой группе (40 человек) назначали подводное горизонтальное вытяжение нижних конечностей в бассейне с проточной Цхалтубской минеральной водой (1500 л воды на процедуру), 8-10 процедур вытяжения, продолжительностью 20 мин с последующим отдыхом на плоском лежаке и укутыванием одеялом в течении 1-1,5 часа. Вытяжение проводили ежедневно, после 3-4 дней лечения однократными ваннами или чередовали через день, на курс 12-14 ванн.

Методика вытяжения нижних конечностей разработана на основе использования аппарата подводного горизонтального вытяжения позвоночника. Во время процедуры вытяжения, на область поясницы надевали лиф, тяги от которого фиксировали к головному борту ванны. На область голени накладывали манжеты с тягами, к которым с помощью гидромеханического привода прилагалось постепенно возрастающее тяговое усилие (от 3-5 до 15-20 кг). Воздействие осуществляли на обе конечности одновременно. В случае усиления болей, величину груза снижали. Интенсивность тракции подбирали индивидуально, с учетом возраста, пола и мышечной массы конечностей. С целью пропорционального распределения сил вытяжения на тазобедренные суставы и функционально более удобного расположения нижних конечностей, расстояние на кронштейне для крепления лямок нижних конечностей увеличивали с 34 до 45-50 см. Подобное изменение конструкции аппарата вытяжения позволяло отвести каждую конечность на 15-20° от осевой линии и несколько ротировать к наружу. Это позволило пропорционально распределить нагрузку на связочный аппарат тазобедренных суставов и мышц бедра, устранить болевой синдром, вызванный компрессией головки бедра на возможные остеофиты вертлужной впадины и несколько улучшить конечные результаты.

Во 2-ой группе (58 человек) назначали ежедневно Цхалтубские минеральные ванны, продолжительностью 20 мин, на курс 22-26 процедур.

В целом результат лечения с применением вытяжения был благополучным. Боли в суставах уменьшились или полностью исчезли. У пациентов без синовита, при тракции суставов (1-ая группа), болезненность достоверно уменьшилась с $1,34 \pm 0,15$ до $0,25 \pm 0,10$ балла, при лечении только ваннами (2-ая группа) с $1,49 \pm 0,10$ до $0,75 \pm 0,17$ ($p < 0,05$). У пациентов с синовитом эти различия были более существенными. Выраженность болевого синдрома, снизилась соответственно с $2,13 \pm 0,10$ до $0,50 \pm 0,09$ балла ($p < 0,01$) и с $2,00 \pm 0,14$ до $1,13 \pm 0,11$ балла ($p < 0,05$). Более значительное снижение выраженности болевого синдрома и уменьшение ригидности мышц и связок у пациентов 1-ой группы, благоприятно отразились на

локомоторной функции суставов, при этом, исчезла их гиперемия и уменьшилась припухлость. У пациентов с синовитом, тракция суставов оказала более выраженное, противовоспалительное действие. Нормализовалось СОЭ, концентрация серомукоида и ДФА, практически исчез СРБ в сыворотке крови. Повышенные показатели гуморального иммунитета после лечения, достоверно снижались, как у пациентов с наличием синовита, так и без него, независимо от вида проведённого лечения. Влияние обоих методов лечения на регионарную гемодинамику было благоприятным, как с наличием синовита, так и без него. В то же время, при синовите бальнеотракционная терапия оказывала более выраженное положительное действие. Улучшению кровообращения в конечностях сопутствовало повышение мышечного тонуса. У пациентов без синовита биоэлектрическая активность мышц голени достоверно повышалась, а при наличии синовита она нормализовалась после курса бальнеотракционной терапии ($p < 0,05$).

Всё выше сказанное свидетельствует о большей эффективности бальнеотракционной терапии, чем одной бальнеотерапии на санаторно-курортном этапе реабилитации, на курорте Цхалтубо. Эффективность значительно выше у пациентов с более тяжелыми изменениями суставов и с наличием синовита. Выраженный противовоспалительный эффект, улучшение метаболизма соединительной ткани, нормализация кровообращения и мышечного тонуса при тракции пораженных суставов в проточной, изотермальной, цхалтубской минеральной воде, по всей видимости, объясняются снижением выраженности болевого синдрома, вызываемого компрессией пораженных суставных поверхностей, улучшением циркуляции синовиальной жидкости в суставе, снижением ригидности связочно-мышечного аппарата. Эффективность бальнеотракционной терапии при ОА, обусловлена сочетанием положительного воздействия цхалтубских минеральных ванн и тракции суставов. Наши исследования позволяют рекомендовать подводное горизонтальное вытяжение нижних конечностей в минеральной воде, как эффективный метод лечения и реабилитации при коксартрозе и гонартрозе.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Астапенко М.Г. Копьева Т.Н. Дулялина В.А. и др.//Ревматология-1984-№4-с.10-14.
2. Баранова И.Н. Галстяк К.С.//Лаб.дело-1080-№6-с.339-340.
3. Лаврищева Г.И. Михайлова Л.Н.//Ревматология 1985-№4-с.47-50.
4. Ржавина В.П. Плутанова С.М. Ватажова И.П.//Вопр.курортол.-1981-№6-с.53-54.
5. Г.О.Шавианидзе, В.Д.Григорьева. Патент №2177280. Способ лечения синовита у больных остеоартрозом 1999.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18604797>

ӘОЖ: 615.1(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫ

АБДАЛИЕВА ЖІБЕК, АЛДАБЕРГЕН АЯЖАН, САТИБАЛДИЕВА ЛИНАРА
“С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті” КеАҚ 4 курс
студенттері

Ғылыми жетекшісі - ЖАНДАБАЕВА М.А.
Алматы, Қазақстан

Түйін: Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы ел экономикасының стратегиялық басым бағыттарының біріне айналып, ұлт саулығын нығайтумен қатар индустриялық-инновациялық прогреске де тың серпін беруде. Жұмыс барысында 2020–2025 жылдарды қамтитын ресми статистикалық мәліметтер мен ғылыми дереккөздерге салыстырмалы және динамикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қолдау мен инвестициялық саясаттың арқасында отандық өндіріс көлемінің айтарлықтай өскенін көрсетті: атап айтқанда, 2019 жылғы 92 млрд теңге көрсеткіші 2024 жылға қарай 124,8 млрд теңгеге жеткен. Солай болса да, нарық құрылымындағы импорттық өнімдердің үлесі әлі де 70 пайыз деңгейінде қалып отыр, бұл Ресей, Германия және Үндістан сияқты негізгі жеткізушілерге деген тәуелділіктің жоғары екенін аңғартады. Фармацевтикалық нарықтың дамуы халықты сапалы әрі қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету арқылы денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығын күшейтіп, аурулардың алдын алуға және өмір сапасын арттыруға ықпал ететіндіктен, ол Тұрақты даму мақсаттарының 3-мақсатымен тікелей байланысты.

Жүргізілген SWOT-талдау саланың ішкі әлеуеті мен сыртқы кедергілерін айқын көрсетіп берді. GMP стандарттарының енгізілуі мен мемлекеттік ынталандыру тетіктері саланың басты артықшылықтары ретінде танылса, ғылыми-инновациялық базаның осалдығы, білікті мамандардың тапшылығы және сыртқы нарыққа тәуелділік негізгі мәселелер ретінде айқындалды.

Кілт сөздер: фармацевтикалық нарық, Қазақстан Республикасы, дәрілік заттар, өндіріс, импорт, экспорт, инновация, мемлекеттік саясат, SWOT талдау.

СОВРЕМЕННЫЙ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИЙ РЫНОК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБДАЛИЕВА Ж., ЖАНДАБАЕВА М.А.

Казахский Национальный Медицинский университет имени С.Ж.Асфендиярова

Аннотация: В последние годы фармацевтический рынок Республики Казахстан стал одним из стратегически приоритетных направлений национальной экономики, оказывая значительное влияние не только на укрепление здоровья населения, но и на индустриально-инновационное развитие страны. В ходе исследования были использованы сравнительный и динамический методы анализа на основе официальных статистических данных и научных источников, охватывающих период 2020–2025 годов.

Результаты исследования показали, что благодаря государственной поддержке и инвестиционной политике объем отечественного производства значительно возрос: если в 2019 году он составлял 92 млрд тенге, то к 2024 году достиг 124,8 млрд тенге. Тем не менее, доля импортной продукции в структуре рынка по-прежнему остается на уровне около 70%, что свидетельствует о высокой зависимости от основных поставщиков — России, Германии

и Индии. Развитие фармацевтического рынка напрямую связано с Целями устойчивого развития, в частности с ЦУР 3, поскольку оно способствует обеспечению населения качественными и доступными лекарственными средствами, укреплению устойчивости системы здравоохранения, профилактике заболеваний и повышению качества жизни.

Проведенный SWOT-анализ позволил выявить внутренний потенциал отрасли и внешние барьеры. Внедрение стандартов GMP и государственные меры стимулирования определены в качестве ключевых преимуществ сектора, тогда как слабое развитие научно-инновационной базы, дефицит квалифицированных кадров и высокая зависимость от внешних рынков остаются основными проблемами.

Ключевые слова: фармацевтический рынок, Республика Казахстан, лекарственные средства, производство, импорт, экспорт, инновации, государственная политика, SWOT-анализ.

Кіріспе. Соңғы он жылдықта Қазақстан Республикасының фармацевтикалық секторы ұлттық экономиканың стратегиялық маңызы бар, қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің біріне айналды. Бұл сала тек халықтың денсаулығын нығайту функциясын атқарып қана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығының іргетасын қалайды. Индустриялық-инновациялық даму контекстінде фармацевтикалық өнеркәсіп ғылым мен жоғары технологиялық өндірісті ұштастыратын кешенді құрылым ретінде айрықша мәнге ие [1].

Қазіргі таңда отандық фармацевтика нарығы ауқымды институционалдық және сапалық трансформация кезеңін бастан кешуде. Мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдау, сыртқы инвестициялар ағынының артуы және халықаралық стандарттарына толықтай көшу нарықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізуде. Дегенмен, ішкі өндіріс көлемінің өсуіне қарамастан, импорттық өнімдердің нарықтағы басымдығы әлі де сақталуда. Бұл мәселе елдің дәрілік тәуелсіздігін нығайту және импортты алмастыру саясатын тереңдетудің өзектілігін тудырады.

Фармацевтикалық сектордың тиімділігі ұлттық қауіпсіздік нышаны ретінде әсіресе жаһандық пандемия кезеңінде айқын көрінді. Осыған жауап ретінде Қазақстан Үкіметі саланың әлеуетін арттыру мақсатында 2020–2025 жылдарға арналған арнайы «кешенді жоспар» жүзеге асыруға кірісті. Аталған бағдарлама шеңберінде өндірістік нысандарды жаңғырту, инновациялық дәрілік заттарды шығару және клиникалық зерттеулердің инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда [2].

Сонымен қатар, саланың тұрақты өсуіне кедергі келтіретін бірқатар ішкі факторлар бар. Олардың қатарына ғылыми-зерттеу базасының әлсіздігі, кәсіби мамандардың тапшылығы, инвестициялық тартымдылықтың төмендігі және тіркеу-лицензиялау процестерінің күрделілігі жатады. Сондай-ақ, бағаны реттеу саясаты мен импортқа тәуелділік те нарықтың еркін дамуына белгілі бір деңгейде шектеу қоюда.

Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Қазақстанның фармацевтикалық нарығына кешенді аналитикалық шолу жасау. Мақалада нарықтың құрылымдық динамикасы, мемлекеттік реттеу тетіктері мен болашақ даму бағыттары егжей-тегжейлі талданады. SWOT-талдау мен салыстырмалы әдістерді қолдану арқылы саланың күшті тұстары мен ықтимал қауіп-қатерлері сараланып, отандық фармацевтиканың бәсекелік әлеуетін көтеру бойынша практикалық ұсыныстар тұжырымдалады [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеудің әдістемелік негізі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығының даму үрдістерін экономикалық, құрылымдық және салыстырмалы тұрғыда талдауға бағытталған кешенді тәсілге сүйенеді. Зерттеу барысында 2020–2025 жылдар аралығындағы мемлекеттік және халықаралық статистикалық деректер, ғылыми мақалалар, салалық есептер мен нормативтік құжаттар пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы соңғы жылдары тұрақты даму динамикасын көрсетіп келеді. 2020–2025 жылдар аралығында өндіріс көлемі мен нарық сыйымдылығының ұлғаюы ел экономикасындағы фармацевтикалық сектордың стратегиялық маңызын арттырды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, саланың даму бағыты негізінен мемлекеттік қолдау, инвестициялық белсенділік және ішкі сұраныстың артуымен айқындалады.

1. *Фармацевтикалық нарықтың көлемі мен құрылымы.* 2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, Қазақстанның фармацевтикалық нарығының жалпы көлемі 1,2 трлн теңгеден асты, оның ішінде отандық өндіріс үлесі 28%, ал импорттық өнімдер үлесі шамамен 72% деңгейінде. Бұл көрсеткіштер 2019 жылмен салыстырғанда ішкі өндірістің 11 пайыздық өсімін білдіреді [4].

Өндірістік қуаттылық негізінен Шымкент, Алматы және Қарағанды қалаларында шоғырланған. Нарықта жетекші орынды “Santo” (Химфарм АҚ), “Abdi Ibrahim Global Pharm”, “Nobel AFF” және “Kelun-Kazpharm” компаниялары иеленеді. Бұл кәсіпорындар GMP стандарттарын енгізу арқылы өнім сапасын халықаралық деңгейге көтеруге мүмкіндік алды [5].


Медициналық бұйымдар сегментінде де айтарлықтай өзгерістер байқалады. 2023–2025 жылдары аралығында медициналық жабдықтар мен қорғаныш құралдары өндірісі 1,5 есеге артқан. Дегенмен, бұл сегменттің де негізгі бөлігі әлі күнге дейін импортқа тәуелді.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ең ірі дәріханалық желілер - ЗЕРДЕ-ФАРМА, БИОСФЕРА және РАУЗА-АДЕ болып табылады. Ең ірі дәріханалық желі жалпы тауар айналымының 9,0%-ын шоғырландырып, 396 дәріханаға иелік етеді. Алғашқы бестік көшбасшы желілердің жиынтық үлесі ақшалай мәнде 31%-ды құрайды және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27% өсім көрсеткен (Сурет 1) [11].



Сурет 1 - 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша тауар айналымы және дәріханалар саны бойынша ТОП-20 дәріханалық желі

2025 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы [11] бойынша Қазақстан Республикасында АТХ жіктемесінің 1-деңгейі бойынша бөліністе дәрілік заттар топтарының бөлшек саудадағы ақшалай көлемі бойынша ТОП-10 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 - АТХ жіктемесінің 1-деңгейі бойынша бөліністе дәрілік заттар топтарының бөлшек саудадағы ақшалай көлемі бойынша ТОП-10

Дәрілік заттар сатылымының көшбасшылары бойынша 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша дәрілік заттардың бөлшек және госпитальдық сатылым көлемі (ақшалай мәнде) бойынша маркетингтік компаниялар рейтингін «Санто», «Нобел АФФ» және «Джонсон энд Джонсон» бастап тұр. Аталған компаниялардың ең көп сатылатын брендтері тиісінше «Цеф», «Короним» және «Стелара» болып табылады (Сурет 3). Маркетингтік ұйымдардың ТОП-20 үлесіне нарықтың шамамен 54%-ы тиесілі [12].



Сурет 3 - Маркетингтік ұйымдардың ТОП-20 үлесі

2. Экспорт және импорт динамикасы. Импорттық өнімдердің негізгі жеткізушілері - Ресей (36%), Германия (12%), Үндістан (18%), және Қытай (9%). Ал экспорттық бағыттар Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан нарықтарымен шектеледі [6].

1-диаграммада дүние жүзі елдері бойынша импорт динамикасының көрсеткіштері келтірілген.



Диаграмма 1 – Импорт елдері бойынша пайыздық үлесі

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанның фармацевтикалық өнім экспорты шамамен 62 млн АҚШ долларын, ал импорты 1,1 млрд долларды құрады. Бұл айырмашылық елдің фармацевтикалық тәуелсіздігін арттыру қажеттілігін нақты көрсетеді.

3. *Мемлекеттік саясаттың рөлі.* Мемлекеттік деңгейде қабылданған «Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жол картасы (2020–2025)» бағдарламасы саланы құрылымдық тұрғыдан жаңғыртуға бағытталған. Бағдарлама нәтижесінде:

- 7 жаңа өндіріс іске қосылды;
- 15 кәсіпорын GMP стандарттарына өтті;
- фармацевтикалық кластерлерді қолдау тетігі енгізілді [7].

Сонымен бірге, СК-Фармация дистрибуциялық жүйесі дәрі-дәрмек жеткізілімін орталықтандыру арқылы нарықтағы бағалық тұрақтылықты сақтауға әсер етті. Дегенмен, логистикалық жүйенің тиімділігі мен мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы әлі де жетілдіруді қажет етеді.

4. *Инновациялар мен ғылыми әлеует.* Қазақстандағы фармацевтикалық секторда инновациялық белсенділік әлі де төмен деңгейде. Ғылыми-зерттеу жобаларының үлесі жалпы нарық көлемінің небәрі 3–4% шамасында. Көптеген компаниялар дайын шетелдік технологияларды трансферттеу бағытын ұстануда [8].

Болашақта биотехнологиялық препараттар, генерикалық дәрілер және клиникалық зерттеулерді дамыту отандық фармацевтикалық индустрияның басты басымдықтарына айналуы тиіс.

5. SWOT талдау. SWOT талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның фармацевтикалық нарығы айтарлықтай әлеуетке ие болғанымен, оның тұрақты дамуы үшін институционалдық реформалар мен инновациялық бағыттарды күшейту қажет [9]. Әсіресе, ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыруды арттыру және кадр даярлау жүйесін жетілдіру шешуші фактор болып саналады [10].

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы (SWOT талдау)

Күшті жақтар (Strengths)	Әлсіз жақтар (Weaknesses)
Мемлекеттік қолдау және жол картасы бағдарламасы	Импортқа жоғары тәуелділік
GMP стандарттарының енгізілуі	Ғылыми зерттеу және инновацияның жеткіліксіз дамуы
Инвестиция тарту әлеуетінің артуы	Кадр тапшылығы және мамандардың шетелге кетуі

Аймақтық өндіріс кластерлерінің қалыптасуы	Логистикалық және дистрибуциялық тізбектің әлсіздігі
--	--

Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Экспортты Орталық Азия нарықтарына кеңейту	Валюта бағамының тұрақсыздығы мен инфляцияның өсуі
Биотехнологиялық өндірісті дамыту	Шетелдік фармацевтикалық алпауыттармен бәсекелестік
Цифрландыру және электронды сауда (e-pharmacy)	Сыртқы жеткізілім тізбегіндегі тәуекелдер
Мемлекеттік-жеке серіктестік жобалары	Дәрілік заттардың бағасын шектеу саясатының әсері

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы ұлттық экономиканың маңызды және әлеуеті жоғары саласы екенін көрсетті. Соңғы жылдары мемлекеттік қолдау шаралары мен инвестициялық белсенділіктің артуы саланың дамуына оң әсер еткен. Дегенмен, нарық құрылымында импорттық өнімдердің үлесі әлі де жоғары болып, отандық өндіріс толыққанды дами қойған жоқ.

Негізгі қиындықтар қатарында ғылыми-инновациялық әлеуеттің жеткіліксіздігі, кадр тапшылығы, логистикалық жүйенің әлсіздігі және фармацевтикалық зерттеулердің шектеулі қаржыландырылуы анықталды. Сонымен қатар, шетелдік бәсекелестік пен валюталық тәуекелдер нарық тұрақтылығына әсер етуде.

Зерттеу негізінде келесі қысқаша ұсыныстар берілді:

1. Инновация мен зерттеуді қолдау. Ғылыми жобалар мен клиникалық зерттеулерді мемлекеттік гранттармен ынталандыру.

2. Отандық өндірісті дамыту. Импортты алмастыру саясатын күшейтіп, жергілікті компанияларға салықтық жеңілдіктер ұсыну.

3. Кадр даярлау. Фармацевтикалық мамандықтар бойынша дуальді білім беру мен тәжірибелік оқытуды кеңейту.

4. Цифрландыру мен логистика. Дәрілік заттардың қозғалысын қадағалайтын бірыңғай электронды жүйе енгізу.

5. Экспорт әлеуеті. Орталық Азия елдеріне отандық өнім экспортын кеңейту және сертификаттау рәсімдерін жеңілдету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орынбет П.Ж. Қазіргі Қазақстан Республикасының химия-фармацевтикалық өнеркәсібінің даму жағдайы // Тұран университетінің хабаршысы. – 2020. – №4(88). – Б. 45–52.
2. Егізбаева Ш.А., Жумабаев Н.Н., Жакипбеков К.С. Анализ современного состояния фармацевтического рынка Республики Казахстан // Фармация Казахстана. – 2024. – №3. – Б. 270–276.
3. Алиева Н.А., Манап А.С., Иссабаев М.М. Kazakhstan's pharmaceutical market in the context of global trends // Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. – 2020. – Т. 132. – №1. – С. 101–108.
4. Тулебаев Е., Жетесбаева Ш. Current state of the pharmaceutical market for oncological drugs in Kazakhstan // Bolashaq Journal. – 2025. – №2(14). – С. 56–64.
5. Мырзабаева М.Б., Каюпова Ф.Е. Қазақстан Республикасының медициналық бұйымдар нарығына шолу // ҚазҰМУ хабаршысы. – 2020. – №3. – Б. 89–95.
6. Ким Э.В. Современное состояние и перспективы развития фармацевтической отрасли в Республике Казахстан // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2015. – №3(59). – С. 29–36.
7. Ермекбаев Н., Даниярова А.Б. Қазақстанның фармацевтикалық өндірісі жүйесіндегі мәселелер // Endless Light in Science. – 2025. – №1. – Б. 42–48.
8. Айтказин Е.М. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасы // Вестник zqai.kz. – 2022. – №4. – Б. 73–79.
9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жол картасы (2020–2025 жылдарға арналған). – Астана: ҚР ДСМ, 2020. – 38 б.
